

Педагогикалық әдеп бойынша кеңес жұмысының жоспары
2022-2023 оқу жылы

ЖАЛПЫ МАҚСАТТАР:

- Мекеменің әкімшілік, педагогикалық және әкімшілік – көмекші қызметкерлері үшін моральдық және кәсіби мінез-құлық нормаларын сақтауды үйлестіру және мониторингілеу.

МІНДЕТТЕР:

1. Ұжымға табысты енгізу үшін жаңадан келген мұғалімдер мен жас мамандар үшін қолайлы жағдай жасау.
2. Шешім қабылдау үдерісіннің ашықтығын қамтамасыз ету.
3. Білім сапасын жақсарту және жас ұрпақты тәрбиелеу үшін педагог қызметкерлердің ата-аналармен, қамқоршылармен, оқушылармен, жергілікті қоғамдастықпен кәсіби өзара қарым- қатынастарын реттеу.

№	Қызмет/ әрекеттер	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Көрсеткіштер/ нәтижелері
1	2022-2023 жылына педагог қызметкерлердің функционалдық міндеттерін бекіту.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері	Қыркүйек	Бекітілген функционалдық міндеттері.
2	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің 2022-2023 оқу жылына арналған жоспарын құру.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері	Қыркүйек	
3	Қызметтік сауалнамалар ашылған тұлғалар туралы анықтама әзірлеу. (қажеттілігіне қарай)	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері	Қажеттілік бойынша	Жасалған анықтамалар
4	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің кезекті отырыстарын ұйымдастыру және өткізу.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері	Тоқсанына бір рет	Хаттама
5	Педагогикалық ұжымды 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен, сондай-ақ педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің нормативтік құжаттарымен таныстыру.	Педагогикалық әдеп төрағасы	Қыркүйек	
6	Педагогтің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі іс-әрекеті. (Эссе байқауы)	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері	Қазан	Марапаттау
7	Педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы) (бейнеролик челлендж)	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері	Желтоқсан	
8	Педагогтардың құқықтары (педагогикалық лекторий, еңбек кодексі)	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері	Ақпан	Анықтама
9	Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп этикасының нормалары (презентациялық сайыс)	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері	Сәуір	Марапаттау

**«Еркетай»бөбекжай- бақшасы»МҚКК
№ 1 хаттамасы**

26.08.2022 жыл

Құмтоғай ауылы

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 1 (дәлелді)

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығы ;
тәрбие-оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Мақсаты: Бөбекжайда оқу- тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы;
2. Нормативтік құжаттармен таныстыру (әдістемелік хат; стандарт;бағдарлама; оқу жоспары).
3. Бөбекжай-бақшаның жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындығы және бөбекжай-бақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту.
 - а) 2022-2023 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.
 - ә) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін, күн тәртібін бекіту.
4. Өртүрлі мәселелер
 - 1) Бөбекжайішілік шығармашылық топ құру,құрамын бекіту.
 - 2) Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді марапаттау
5. Педагогикалық кеңес шешімі.

1.Тыңдалды: бөбекжай-бақша меңгерушісі: Сарпикова А.Б.

Меңгеруші педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. 2022-2023 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысын қайта сайлауды ұйғарды.

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы тыңдалды.

Шешім:

- 1) Педагогикалық кеңестің құрамына меңгеруші (төрайым), әдіскер, психолог, хореограф, музыка жетекшісі, тәрбиешілер бекітілсін.
- 2) Педагогикалық кеңес хатшысы болып әдіскер Бакиланова Арайлым Кенжебекқызы сайлансын.
- 3) Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы есепке алынсын.

2.Тыңдалды: - Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша,яғни

Нормативтік құжаттармен таныстыру (әдістемелік хат; стандарт;бағдарлама; оқу жоспары).Тәрбиелеу-білім беру процесі 2022 жылғы 26 шілдедегі № 7 хаттама ӘДН яғни әдістемелік нұсқау хат негізінде ұйымдастырылып, жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 2931 болып тіркелген),Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы(ҚР әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелген) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары»бойынша оқыту және тәрбиелеу процестері басшылыққа алынады.

Сөз сөйлеген:-Тәрбиеші Ізім Аманша Қуанышқызы 2022-2023 оқу жылында перспективтік жоспарларды, циклограмманы,бақылау парақтарын ПШО –нан оқып үйренгеніміздей, яғни жаңа бағдарламаға,үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасймыз.

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сай әзірленген нормативтік құжаттарды балаларды оқыту мен тәрбиелеу процестерінде басшылыққа алынсын.

3.Тыңдалды: Әдіскер Бакиланова А.К.

Бөбекжай әдіскері жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, бөбекжай-бақшаның жұмыс бағыты, мақсат міндетімен таныстырып өтті. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің жеке мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

Жылдық жоспарда барлық педагогикалық жоспарды жүзеге асыру арқылы, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және іс-шараларды өткізетін жауапты адамда нақты көрсетілген.Бекітілсін деп ойлаймын.

Сөз сөйлеген:-Тәрбиеші Қамысбаева Саржан Сақыпқызы 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген,сондай-ақ бөбекжай-бақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат міндеттерін шешуге арналған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық

деп ұсыныс жасады. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бір ауыздан қолдады.

ШЕШІМ:

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Оқу жылы барысында өз мерзімінде орындалсын.
3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет (бастапқы, аралық, қорытынды) жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қазан-желтоқсан 2022ж, наурыз-сәуір 2023ж; тамыз 2023ж.

3.Тыңдалды: Әдіскер Бакиланова А.К.

Педагогтар санаттарын көтеру, ұжымның білім сапасын арттыру мақсатында педагогтар аттестациядан өту керек. Ол үшін электронды портфолио дайындап, тест тапсыруы қажет. Сондықтан да «модератор», «сарапшы» «зерттеуші», «шебер» біліктіліктеріне ие болуға жұмыс жасау қажет.

Сөз сөйлеген: Рза Әсемгүл Қуанышқызы - тәрбиеші 2022-2023 оқу жылының жаңалықтарымен таныстық. «Модератор» біліктілігіне құжаттар даярлауға әріптестерімді шақырамын. Өз жетістігім, бала жетістіктері, құжаттарым, әріптестер, ата-аналар пікірлерін, ауызбасылымға шығарылымым даярланды. Тестке дайындықты бастадым. Әріптестеріме сәттілік тілеймін.

4.Тыңдалды: Әдіскер Бакиланова А.К. Шығармашылық топ құрылу керек.

Сөз сөйлеген: тәрбиеші Әміржан А.Ж. шығармашылық топ құрамына өзімді, және психолог Зайтуна Мырзагүлқызын ұсынамын.

Бөбекжайышлық шығармашылық топ құрылсын. Музыка жетекшісі Райхан Мырзагүлқызы топ жетекшісі болып сайлансын.

ШЕШІМ:

1. Бөбекжайышлық шығармашылық топ құрылсын. Музыка жетекшісі Райхан Мырзагүлқызы топ жетекшісі болып сайлансын
2. Біліктілік санаттарына тапсыратын педагогтар тізімі жасалып, құжаттары даярлансын.
3. Ағымдағы мәселер бойынша шығармашылық топ құрылып, тәрбиешілер Қамысбаева С.С.; Ізім А.К; Рза Ә.Қ марапатталсын.

Төрайым:

Хатшы:

Сарпикова А.Б.

Бакиланова А.К.

«Еркетай»бөбекжай-бөбекжай-бақшасы»МКҚК

№2 хаттамасы

23.11.2022 жыл

Құмтоғай ауылы

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 1 (дәлелді)

Тақырыбы: «Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуы»

Күн тәртібінде

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы ;
2. Талдау : « Күн тәртібіндегі сауықтыру-шынықтыру іс-шараларының жүргізілуі».
Дөңгелек үстел:
«Балаларды кешенді медициналық-педагогикалық сауықтырудың негізгі бағыттары».
3. **Педагогикалық қобдиша:** (тәжірибе алмасу):
«Бала тілін дамытуда саусақ ойындарының маңызы».
«Бөбекжай-бақшада баланың физикалық тәрбиесінің дамыту модернизациясы».
«Бейімделу мерзімінде баланың эмоционалды қолайлығын сақтау маңыздылығы».

1.ТЫҢДАЛДЫ: Меңгеруші өз сөзінде №1 педагогикалық кеңесте: 2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін;

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін;

3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қазан-желтоқсан және наурыз-сәуір, тамыз айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын.

4.Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер тәрбиелеу-білім беру процесі 2022 жылғы 26 шілдедегі № 7 хаттама ӘДН яғни әдістемелік нұсқау хат негізінде ұйымдастырылып, жүргізілетінімен танысты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 2931 болып тіркелген),Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы(ҚР әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275

тіркелген) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» бойынша оқыту және тәрбиелеу процестері басшылыққа алды деп ойлаймын.

Педагогтар өз білімдерін жетілдіруде әдістемелік құралдар мен әдістемелік жинақтарды пайдаланады, білім курстарынан өтті, басылымдарға жазылды, АКТ, Монтессори, ТРИЗ, Восковович, Дьенеш блогын, ОЙЫН, Зайцев технологияларын, элементтерін оқу процестерінде жүзеге асыруда деген ойдамын.

5. Аттестаттау комиссиясының құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын деп шешім қабылданған болатын. Осыған байланысты қандай жұмыстар атқарылды, №1 педагогикалық кеңестің шешімі толықтай орындалды ма деп сұрақ қойды. Бұл сұраққа бөбекжай-бақша әдіскері Бакиланова А.К жауап берді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер- Бакиланова А.К

Өткен жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына жоспарлар құрылып, бөбекжай-бақша педагогтары сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оқу қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, отбасылық эстафеталық жарыс, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы әдістемелік отырыс, бөбекжай-бақшаның "Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ұлттық ойындарды ұйымдастыру, пайдалану арқылы баланың тілдік-грамматикалық дағдыларын,, денсаулығын нығайтуда физикалық дағдыларын» міндетін шешу мақсатында әуіс өткізілді. Аттестаттау комиссиясының №1 отырысы өткізілді. Күнделікті аурудың алдын алу шараларын жүргізу, балалардың серуенде ұзақ болуын қадағалау, топтарда температураны қатаң сақтау, сүзгі жүргізу, балабақша қызметкерлері және ата-аналар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу, топтардағы ауа режимін ұйымдастыруын қадағалау, баланы далада таза ауада қабылдау, ертеңгілік жаттығуды таза ауада ұйымдастыру, тыныс алу жаттығуларын, ұйқыдан кейінгі жаттығуды ұйымдастыру, бөбекжай-бақша айналасындағы денсаулық жолақшаларымен жүру, қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру, таза ауадағы серуенді ұйымдастыру, серуен кезінде қимылды ойындарды ұйымдастыру, ауа, күн ваннасын қабылдау, массажды кілемшелерде, қырлы тақталарда жалаңаяқ жүру, мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыру, бөбекжай-бақша ауласын түскен жапырақтардан тазарту жұмыстары ұйымдастырылды. Сондай-ақ жеке сұрақтар қойылды. Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыруда. Аттестаттау комиссиясының құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарып жатыр.

ШЕШІМ: №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер баланың даму деңгейінің көрсеткішіне тоқталды. Қыркүйек айында айлық жоспарға сәйкес баланың даму деңгейін анықтау мақсатында барлық топтарда индикатор жүргізілген болатын. Бұл бастапқы индикатор. Индикатор жүргізбес бұрын тәрбиешілермен бірігіп отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «12» тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» негізге ала отырып, бес бағыттағы дағдылар бойынша сұрақтар талқыланды.

Индикатор жүргізгендегі негізгі мақсатымыз баланың даму деңгейі қандай соны анықтау болды. Әрине, бөбекжай-бақшаға бұрыннан келіп жүрген балалардың даму деңгейі тұрақты.

ШЕШІМ: Баланың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген индикатор қорытындысының негізінде барлық топ балаларымен ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін. Баланың жеке даму траекториясының болжамын жасау парағын негізге ала отырып әр баламен жеке жұмыс жүргізілсін. Жауапты барлық топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі 2022 жылдың қараша, желтоқсан айлары.

1. **Тыңдалды:** Меңгеруші Сарпикова А.Б.

«Күн тәртібіндегі сауықтыру-шынықтыру іс-шараларының жүргізілуі».

Дөңгелек үстел:

«Балаларды кешенді медициналық-педагогикалық сауықтырудың негізгі бағыттары».

Күн тәртібіндегі сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде жаттығу, ойын түрінде жуыну, таза ауада серуендеу және дене шынықтыру үйіз арқылы жүзеге асырылады. Тәрбиешілер денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың денсаулығын нығайтады, қимыл белсенділігін дамытады, салауатты өмір-салтын қалыптастырады. Ойын арқылы дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын оятады. Негізгі қимыл түрлерін үйретеді. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастырады. Қимылдарды белсенді орындауға жаттықтырады. Спорттық құралдарды пайдаланғанда қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Балалар бірлесе қимыл жасағанда достық қарым-қатынасқа түседі. Сумен доппен, құрсаулармен, секіргіштермен ойын баланың денсаулығын нығайтады.

Ерте жастан балалардың логикалық ойлауын дене шынықтыру ойыны арқылы дамытуға болады. Ойын арқылы бала түрлі логикалық жаттығуларды орындауға төселеді. Бұл жөнінде белгілі психолог – ғалым А.А. Люблинская «Зейін баланың белсенді әрекетінде туындап қана қоймай, олардың жақсы ұйымдастырылған іс – әрекетінде. Бәрінен бұрын олардың ой еңбегінде де қолдау табатынын айтады». Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Дене қимыл ойындары арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді. Салауатты өмір салты саналы ұрпақты тәрбиелеуде ерекше орын алады. Тәрбие біліммен, білім ойын арқылы бала жүрегіне жол табады.

2. **Дөңгелек үстел:**

«Балаларды кешенді медициналық-педагогикалық сауықтырудың негізгі бағыттары».

Тыңдалды: медбике Бөлекеева Г.К.

Балаларды кешенді медициналық-педагогикалық сауықтырудың бірнеше негізгі бағыттары бар. Дәрігерлік тексерістен үнемі, уақытылы өткен баланың денсаулығы қалыпты, сау болады. Медицина мен педагогика егіз ұғым. Тазалыққа баули денелерін шынықтырамыз. Сумен шайындырып, дені сау ұрпақ тәрбиелейміз. Таза ауа демалдырып, ойлау қабілеттерін дамытамыз. Таза ауамен тынығады. Тұмау белгілерімен таныстырып, ауырмауға баулимыз.

Көрме: «Денсаулық сақтау әлемі» (спорттық ойындар құралдары)

Ас сіңіруге арналған жаттығулар түрлері көрсетілді.

Төрайым:

А.Б.Сарпикова

Сарпикова А.Б.

Хатшы:

Бакиланова А.К.

«Еркетай» бөбекжай-бақшасы» МКҚК бақшасы
№ 3 хаттамасы

11.01.2023 жыл

Құмтоғай ауылы

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 1 (дәлелді)

Тақырыбы: «Тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, коммуникативтік- тілдік қарым-қатынасын дамыту, қабілеттерін арттыру».

Күн тәртібінде

1. № 2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы;

Талдау:

1. «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы».

Педагогикалық идеялар қоры

(тәжірибе алмасу):

«Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы ролі».

«Дамытатын асық ойындары арқылы балалардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту».

1. «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында асық методикасының ролі».

Тыңдалды: №2 педагогикалық кеңесте барлық топты физикалық дағдыларды қалыптастыру бойынша іс-әрекеттер ойын түрінде өткізілді. Ересек тобы тәрбиешісі Ізім Аманша Қуанышқызы «Ойнап жүйрік ойлайық» ойынын жүргізді. Кейіпкертосын сый болды, балалар өте жақсы белсенділік танытты. Қалған топтарымызда ұйымдастырылған іс-әрекеттерді қызықты нәтижелі ұйымдастырылды.

ШЕШІМ: №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

Тыңдалды:

Әдіскер: Тыңдалды: 2022 – 2023 оқу жылының алғашқы жарты жылдығын қорытындыласақ. Алғашқы жарты жылдықта балалардың өмірін қорғау мен баланың толыққанды денесін және психикасын дамытатын, ағзаны шынықтыратын, негізгі қимылды дамытатын жағдайлармен қамтамасыз ету жүзеге асырылды. Оқу жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде педагогтармен «Сықырлы құрсаулар», «Сүйкімді көжектер» тақырыбында эстафеталар ұйымдастырылып, кеңінен қамтылды. Әр жас ерекшелігіне тоқталып анықтама берілді. Білім деңгейлерін анықтап қызықты эстафеталар жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылды. Педагогтарымызбен «Ханымдар» эстафетасы ұйымдастырылды.

Сөйледі: Түгелова Р.М: - Эстафеталық ойын көңілді болды. Педагогтар арасында жақсы қарым- қатынас құруға жақсы ықпалын тигізді

Педагогикалық идеялар қоры

(тәжірибе алмасу):

«Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы ролі».

«Дамытатын асық ойындары арқылы балалардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту».

«Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында асық методикасының рөлі».

Тәрбиеші Рза Ә.Қ:

Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы ролі ерекше маңызды, кей бала ерте сөйлейді, кей баланың тілі кеш шығады. АКТ технологиясы арқылы жетістікке жетуге болады. Көрсету, тыңдату, бірге жасау, нәтижеге жету.

Тәрбиеші Бисенбаева Ш.М:

Дамытатын асық ойындары арқылы балалардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамытуда аянбай, ерінбей еңбек ете білу керек. Ұлттық ойындардың орны ерекше. Ұлттық ойын: «Асық ату», «Ханталапай» т.б.

Бала асықты атқанда ұстауды үйренеді, қол моторикасы дамиды, есте сақтау, ойлау қабілеті дамиды, шапшаңдыққа, ептілікке, икемділікке, мергендікке тәрбиеленеді. Асықтың шығу тарихы туралы түсінігі қалыптасады. Үнемі қозғалысты талап ететін ойын болғандықтан, дене қимыл-қозғалысы жетіледі, физикалық дағдысы артады.

Тәрбиеші Қамысбаева С.С:

«Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында асық методикасының рөлін кеңінен насихаттағым келеді. Бүлдіршіндерге жас ерекшеліктеріне сай т.рлі –түрлі асықтан жасалынған көрнекіліктермен тілдік-грамматикалық дағдыларын дамыту жолында тәжірибе алмасып, зерттеу жұмыстарын жүргізудемін. Балаға бәрі қызық, бәрін білгісі келіп тұрады. Асықтардан қошқар мүйіз оюын жапсыру әдісімен, таяқшаға асықтарды тесе тізу тәсілімен, жіпке тізу әдісімен асықтарға деген қызығушылықтарын ояттым, сұрақтарға жауап береді, түстерін атайды.

Тыңдалды: Әдіскер Құрметті әріптестер сіздерге тамаша ұсынысым бар, өздеріңіз білетіндей бөбекжай-бақшамыз қысқа мерзімді жобаларды іске асыруда. Наурыз мерекесіне орай балаларға «Асық ойнап озамыз» жобасын ұйымдастырсақ. Еліміздегі кішкентай патриоттарды өз бақшамыздан тәрбиелеуді бастасақ. Өз елінің дамуына атсалысатын білікті мамандар азаматтар тәрбиелеуді бастасақ.

Көрме: «Интеллектуалдық, коммуникативтік- тілдік қарым- қатынасын дамыту, қабілеттерін арттыру».

Коммуникативтілікті дамыту және командамен жұмыс істей білуге арналған ойындар. Жаңашыл технология элементтері

ШЕШІМ: Тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, коммуникативтік- тілдік қарым- қатынасын дамыту, қабілеттерін арттыру мақсатында жұмыстар орындалсын.

Балалар жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулуда тәрбиелік мәнді жұмыстар жүргізілсін. «Асық ойнап озамыз» жобасы ұйымдастырылсын.

Төрайым:

Хатшы:



Сарпикова А.Б.

Бакиланова А.К.